



ТӨЛЕБИ ТҮЙ



ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТИ

№13 (8773) Сәрсенбі, 2 сәуір 2025 жыл.

Біздің веб-сайт: <http://www.tolebituy.kz/>

Электронды почта: tolebi_tuy@mail.ru

Түркістан облысының әкімі Нұралхан Көшерев Төлеби ауданына жұмыс сапарымен барып, тұрғындармен кездесті. Елдің көкейкесті сұрақтарына жауап беріп, өңірді, ауданды дамыту бағытындағы жоспарларын айтты.

– Жергілікті биліктің ең басты мақсаты –

млн теңгеге 72 жобаны қаржыландыру жоспарланып отыр. Сондай-ақ «Дипломмен – ауылға» бағдарламасы аясында 2024 жылы 15 маманға 5,9 млн теңге көлемінде бірреттік көтерме жәрдемақы, 5 маманға тұрғын үй сатып алу үшін 36,9 млн теңге көлемінде бюджеттік несие берілді. Жалпы

Әкім Нұралхан Көшерев төлебиліктермен кездесті

тұрғындардың өмір сүруіне қолайлы жағдай жасау және өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуын қамтамасыз ету. Осыған орай, өздеріңізбен кеңесе отырып, ауданды әрі қарай дамыту бағытындағы ұсыныс, талаптарыңызбен танысу маңызды. Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы экономиканы өртартапандыру, инфрақұрылымды дамыту, агроөнеркәсіп кешенінің әлеуетін арттыру бойынша нақты тапсырмалар берді. Төлеби ауданында іске асырылып жатқан мемлекеттік жобалар мен бағдарламаларға қысқаша тоқталып өтсем, «Ауыл – Ел бесігі» жобасы аясында ауданда 2024 жылы 21 елді мекенде құны 1,2 млрд теңгені құрайтын 16 жоба іске асырылды. Нәтижесінде 13 елді мекендегі 18 көшеге орташа жөндеу жұмыстары жүргізілді. Ал 8 елді мекенде электр желілерінің құрылысы толық аяқталды. Қостөбе елді мекенінде мектеп ғимаратына күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілсе, Көксәйек саз мектебі қосымша ғимаратының құрылысы аяқталып, пайдалануға берілді.



өңірлік өнім көлемі 22,4 пайызға, шағын және орта бизнес субъектілерінің саны 2,8 пайызға өсті.

2025 жылы Төлеби ауданындағы 11 елді мекенде құны 1,2 млрд теңгені құрайтын 7 жоба жүзеге асырылады. 8 елді мекендегі 14 көшеге орташа жөндеу жұмыстарын жүргізу үшін 505 млн теңге қарастырылды. Сондай-ақ «Жайлы мектеп» ұлттық жо-

басы аясында ауданда 14,1 млрд теңгеге салынып жатқан 3 мектептің ғимараттары тамыз айында пайдалануға беріледі.

Аудан әкімі Еркеғали Әлімқұловтың жыл қорытындысы мен биыл атқарылатын жұмыстар бойынша есебі тыңдалды.

Кездесу барысында тұрғындар тарапынан облыс әкіміне инфрақұрылым және өзге де әлеуметтік мәселелерді шешу бойынша өтініштер түсті.

Одан кейін өңір басшысының жеке қабылдауы өтіп, тұрғындардың өтініштері тыңдалды. Көтерілген мәселелер мен арыз-шағымдар назарға алынып, тиісті жұмыс жүреді.

Түркістан облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Төлеби аудандық Қоғамдық кеңесінің құрамы

1. Ахтаев Сейтхан – зейнеткер, Ленгір қаласының тұрғыны.
2. Абдихаликов Абдисаттар – зейнеткер, Алшалы ауылының тұрғыны.
3. Абдукаримов Ануарбек Сахович – жеке кәсіпкер, Қосағаш ауылының тұрғыны.
4. Асанова Лаззат Балтабайқызы – «Аймақ тынысы» газетінің директоры, Ленгір қаласының тұрғыны.
5. Әбен Бақдаулет Төлегенұлы – «Қазақ құрылыс» ЖШС директоры, Қасқасу ауылының тұрғыны.
6. Байзакова Гулманат Тулегеновна – Қарақия мектебінің мұғалімі, Ленгір қаласының тұрғыны.
7. Бименов Мырзағали Аязович – Орталық Азия Инновациялық университетінің аға оқытушысы, Аққұм ауылының тұрғыны.
8. Жалбиев Қуанышбек Меңтайұлы – зейнеткер, Жамбыл ауылының тұрғыны.
9. Жүнісов Нұрсұлтан Талғатбекұлы – жеке кәсіпкер, Зертас ауылының тұрғыны.
10. Исабек Ақжігіт Қалтайұлы – зейнеткер, Ленгір қаласының тұрғыны.
11. Калиева Парида Сатаевна – «Оңалту орталығының» директоры, Көксәйек ауылының тұрғыны.
12. Курбанқұлов Манап Айтбайұлы – зейнеткер, Ленгір қаласының тұрғыны.
13. Казахбаев Нұрбек – жеке кәсіпкер, Алғабас ауылының тұрғыны.
14. Майлыбаев Ерменбай Қасымұлы – жеке кәсіпкер, Зағамбар ауылының тұрғыны.
15. Нысанбаев Жасар Турашович – «Төлеби су шаруашылығы» МКК директоры, Бірінші Мамыр ауылының тұрғыны.
16. Нышанов Жандар Садықбекұлы – зейнеткер, Ленгір қаласының тұрғыны.
17. Рахманқұлов Әбдімәлік Түймебекұлы – «Төлеби туы» қоғамдық-саяси газетінің бас редакторы – ЖШС директоры, Ленгір қаласының тұрғыны.
18. Урманчиков Азизшик Рахымшиқұлы – Жыланбұзған ЖББМ тәлімгері, Сұлтанрабат елді мекенінің тұрғыны.
19. Сахов Азамат Саятайұлы – жеке кәсіпкер, Ленгір қаласының тұрғыны.
20. Табылдиев Елшибек Оқинбекулы – зейнеткер, Қаратөбе ауылының тұрғыны.
21. Таширов Абжаппар Балғайұлы – зейнеткер, Көксәйек ауылының тұрғыны.

Аудандық мәслихаттың төрағасы Н.ҚОЙБАҒАРОВ.

Ұлыстың Ұлы күні тойланды

Күн мен түн теңеліп, табиғат жаңаратын, берекенің бастауы – Ұлыстың Ұлы күні Ленгір қаласындағы орталық алаңда «Қош келдің, өз Наурыз!» атты мерекелік іс-шара өтті.

Аудан әкімі Еркеғали Әлімқұлов төлебиліктерді ұлық мейраммен құттықтап, ізгі тілегін жеткізді. Еркеғали Амантайұлы өз сөзінде Наурызнама онкүндігіне сәйкес тазарту жұмыстарынан бастап, ұлттық салт-дәстүрімізді дәріптеуге, қайырымдылық, мейірімділік пен тату көршілікті насихаттауға арналған көптеген игі шаралар ұйымдастырылып, өткізіліп жатқанын айта келе, жұртшылықты ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуы бағытында қолға алынған жұмыстармен таныстырды.

– Ауданымызда Президентіміздің бастамалары, облыс әкімінің тапсырмалары, мемлекеттік бағдарламалар іске асырылып, әлеуметтік-экономикалық даму бағытында жүйелі жұмыстар жүргізілуде. Ауданның инвестициялық әлеуетін арттыру, өнеркәсіпті дамыту, жаңа жұмыс орындарын құру, салық түсімдерін ұлғайту мақсатында Бадам су қоймасының жанында индустриалдық аймақ құрылуда. Киелітас ауылы аумағынан өндірістік парк құру жоспарлануда... Наурыз мейрамы байтақ елімізге молшылық, қасиетті жерімізге құт-береке әкелсін! Еліміздің ырысы артып, ырыздығы молая берсін. Сіздерге зор денсаулық, бақ-береке және толайым табыс тілеймін! Өз Наурыз әр шаңыраққа шаттық пен қуаныш әкелсін! – деді өз сөзінде аудан әкімі.



Мерекелік жиын «Қош келдің, өз Наурыз!» атты композициялық қойылыммен басталып, «Наурыз-думан» әнімен жалғасын тапты. Мерекеге жиналған жұртшылық қолөнер шеберлері мен суретшілердің туындылары қойылған көрмені тамашалады. Киіз үйлер тігіліп, аналардың қатысуымен тұсаукесер, киіз басу секілді ұлттық салт-дәстүрді паш ететін қойылымдар көрсетілді. Бұл күні қазақша күрес, қол күресі, асық ату, арқан тарту, лөңгі тебу сияқты ұлттық спорт түрлерінен жарыстар ұйымдастырылды. Аудандық мәдениет үйінің өнерпаздары өннен шашу шашып, іс-шараларға қатысушыларға мерекелік көңіл-күй сыйлады.

Аудан әкімі Еркеғали Әлімқұлов пен аудандық мәслихат төрағасы Нұрлан Қойбағаров қадамын қаз басқан бүлдіршіндердің тұсауын кесіп, спорт сайыстарының жеңімпаздарын марапаттады.

Аудандық бюджетке өзгерістер енгізілді

Сегізінші шақырылымдағы аудандық мәслихат депутаттарының кезектен тыс, XXIII сессиясы болып, оны мәслихат төрағасы Н.Қойбағаров жүргізіп отырды. Онда 12 мәселе қаралып, тиісті шешімдер қабылданды.

Төлеби аудандық мәслихатының 2024 жылғы 25 желтоқсандағы №21/109-VIII «2025-2027 жылдарға арналған аудандық бюджет туралы» шешіміне өзгерістер енгізілді. Ауданның 2025 жылға арналған бюджетінің кірістері 11 872 806 мың теңге, шығыстары 11 895 214 мың теңге көлемінде бекітілді.

Депутаттар аудан әкімдігі жанындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мәселелері және құқық бұзушылық профилактикасы жөніндегі ведомствоаралық комиссияларының жаңа құрамын бекітті. Сондай-ақ терроризмге қарсы күрес, көмелетке толмағандардың істері

және олардың құқықтарын қорғау жөнінде комиссияның құрамына, аудан әкімдігінің дербес құрамына келісім беру туралы аудандық мәслихаттың 2021 жылғы 17 наурыздағы №3/15-VII шешіміне өзгерістер енгізілді.

Төлеби ауданының Мәдени ауылындағы «Бәйшешек» көшесінің атауын Ұлы Отан соғысының ардагері «Көшербай Есболұлы» деп қайта атау туралы ұсынысты мақұлдады.

Сессияда аудандық мәслихат аппаратының құрылымына өзгеріс енгізіліп, аудандық аумақтық, учаскелік және округтік сайлау комиссияларын сайлау туралы шешімдерге енгізілетін өзгерістер мақұлданды.

Сондай-ақ Төлеби аудандық қоғамдық кеңесінің жаңадан жасақталған құрамы бекітілді. (Ол газетте жарияланып отыр).

«Төлеби-ақпарат».

● Спорт

Көсәйек елді мекенінде «Спорт нашақорлыққа қарсы» ұранымен және Өз Наурыз мерекесіне орай наурыз айының 23-і мен 27-сі аралығында 2011-2012, 2013-2014

гейде екенін ринг төрінде дәлелдеп, жалпыкомандалық есепте I орынды жеңіп алды. Атап айтқанда:

- Сералы Ринат 44 кг – I орын;
- Әбдіраш Арсен 28 кг – I орын;
- Мұхтар Ерқанат 38 кг – I орын;
- Сайлау Бейбарыс 40 кг – I орын;

- Мүсірәлі Райымбек 48 кг – II орын;
 - Жанқозы Олжас 32 кг – II орын.
- Жаттықтырушылары Балабеков Ергали.
- Али Азамат 26 кг – I орын;
 - Дайырбек Нұртас 30 кг – I орын;
 - Мейманхан Мирас 32 кг – I орын;
 - Нату Саян 37 кг – I орын;
 - Абдуалы Әли 24 кг – II орын;

Бокстан ашық біріншілікте



жылы туған жасөспірімдер арасында Төлеби аудандық №3 балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінің бокстан ашық біріншілігі өтті.

Дүбірлі сайысқа Төлеби ауданынан, Ленгір қаласынан, сондай-ақ Шымкент, Жетісай қалаларынан барлығы 200-ге жуық жасөспірім балғары қолғап шеберлері қатысты.

Бес күнге созылған өте тартысты өткен жарыста аудандық №3 балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінің боксшылары өздерінің физикалық және тактикалық дайындықтарының жоғары дең-

- Түзелбай Абай 46 кг – II орын;
 - Әбдіраман Әбдінұр 43 кг – III орын;
 - Ділдетай Жанәбіл 36 кг – III орын.
- Жаттықтырушылары: Қалдыкөзов Нұрғали және Сайлау Арман.
- Талғат Нұрیمان 24 кг – I орын;
 - Бекбай Жанәділ 40 кг – II орын;
 - Сапар Нұрасыл 26 кг – II орын.

Жаттықтырушылары Қалдыкөзов Нұрғали.

- Қамбар Алмас 36 кг – I орын;
- Меңлібай Жанболат 40 кг – II орын.

Жаттықтырушылары Өтебаев Нұркен.

- Жұмалы Мағжан 36 кг – I орын;
- Өмірбай Марғұллан 49 кг – II орын;
- Бектібай Алиби 33 кг – II орын;
- Өмірзақ Ғабит 37 кг – II орын;
- Алихан Ермек 43 кг – II орын.

Жаттықтырушылары Темірбеков Ғалымбек.

- Сарман Арсен 30 кг – I орын;
- Қаныбек Өміржан 40 кг – II орын;

- Әли Досжан 30 кг – II орын;
 - Абдуалы Дінмұхаммед 38 кг – II орын;
 - Құдайқұлов Арсен 38 кг – II орын;
 - Жақып Нұрیمان 36 кг – II орын.
- Жаттықтырушылары Қожамсүгіров Пернебай. Сонымен жарыстың қорытындысы бойынша жоғарыда келтірілген мәліметтерге сәйкес спорт мектебіміздің шәкірттері 12 алтын, 16 күміс, 2 қола медальға қол жеткізіп, арнайы дипломдармен марапатталды.

Шәкірттеріміз бен жаттықтырушыларымызды ашық біріншіліктегі жетістіктерімен құттықтаймыз! Алдағы уақытта шәкірттеріміз жан-жақты дайындықпен, облыстық және республикалық чемпионаттарға қатысып, жеңімпаздар мен жүлдегерлер қатарынан көріне бері деп сенім артамыз.

Н.КЕНБАЕВ,
аудандық №3 балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінің әдіскері.

Әдістемелік қолдау семинары

Жеңіс жалпы білім беретін мектебі базасында «Аралас мектептердегі білім алушылардың қазақ тілі



мен әдебиеті сабағында функционалдық сауаттылығын арттыру» тақырыбында әдістемелік қолдау семинары өткізілді.

Аралас тілде білім беретін мектептердегі оқушылардың оқу дағдысын дамыту арқылы тілдің құзыреттіліктерін нығайту, шығармаларды терең түсініп, талдай білу қабілеттерін қалыптастырып, білім сапасын арттыру мақсатында өткен семинарда Жеңіс жалпы білім беретін мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдері М.Нұрлыханова, А.Суханова, Г.Мамашева, А.Оразқұлова және мен ашық сабақтар өттік, ал А.Сахова мен М.Қошқарбаева «Оқылмағандық негізделген оқу сауаттылығын дамытудың тиімді әдістері» тақырыбында шебер-сынып өтіп, өзара тәжірибе алмасты.

Әдістемелік кабинеттің әдіскері Н.Лесбекова ББЖМ-ге дайындауда оқушылардың аналитикалық, логикалық ойлау қабілеттерін дамыта отырып, оқу сауаттылығы деңгейін көтеру, оқушы біліміндегі олқылықтардың орнын толтыру бағытында атқарылуы тиіс жұмыстар бойынша әдістемелік көмек көрсетті.

К.АБЫЛАЕВА,
Жеңіс жалпы білім беретін мектебінің мұғалімі.

Зейнет демалысына құрметпен шығарып салды



Аудандық мәдениет үйіне қарасты Тасарық ауылдық клубының меңгерушісі Сүйеубек Жаңабаев мәдениет саласында көп жыл бойы жемісті қызмет атқарды. Өнерге құштар көптеген ауыл жастарын баулып, арманы мен мақсаттарына жетуге құлшындырды. Мәдениет ошағы жанынан үйірмелер ашып, оған мектеп оқушылары мен ауыл жастарын

көптеп тартты. Мерекелерде, атаулы даталарда ғана емес, өзінің жыл басында ауыл тұрғындарына мәдени қызмет көрсету бағытында жасаған жоспарына сәйкес Тасарық ауылдық округі тұрғындарының басын қосып, концерттік бағдарламаларын назарларына ұсынып, түрлі мәдени-көпшілік шаралар ұйымдастырды. Ауылдың қазыналы қарияларымен, асыл әжелерімен, соғыс және еңбек ардагерлерімен кездесулер ұйымдастырды. Халыққа жасаған мәдени қызметі үшін алғыс арқалап, құрметке бөленді.

Жақында Тасарық ауылдық округі тұрғындары клуб меңгерушісі С.Жаңабаевты құрметпен зейнеткерлік демалысқа шығарып салды.

Тасарық ауылдық округінің әкімі Бақтыбек Алтынбеков, «Бірлік» өндірістік кооперативінің төрағасы Әбдінұр Шәйнеков ауыл тұрғындары атынан халыққа көрсеткен

✉ Редакция почтасынан

қызметтеріне ризалықтарын білдіріп, қазақы дәстүрмен Сүйеубектің иығына шапан жауып, ақшалай сыйлық табыс етті. Аудандық мәдениет үйінің директоры Болат Оразымбетов ауданның мәдениет саласы қызметкерлері атынан құрметті еңбек демалысына шығуымен құттықтап, Алғыс хат табыс етті.

С.Жаңабаев – мәдениет саласының майталман қызметкері ғана емес, ауылдағы өнегелі отбасы иелерінің бірі. Зайыбы Күлайшамен төрт перзент тәрбиелеп өсіріп, бәрі де өмірден өз орындарын тапты.

Жаңабаевтарды ауылдағы өнер қонған отбасы десек те болады. Бұл күні оның ұлы Рүстем Жаңабаев өнер қуған бірнеше жолдасымен бірге концерттік бағдарлама әзірлеп, ауыл сахнасында әсем әннен шашу шашты.

Тасарық ауылдық округіне қарасты Тасарық ауылының үлкен-кіші тұрғындары Рамазан айындағы шапағаты ерекше мол Қадір түнін «Ұлдар ана» мешітінде көпшілік болып қарсы алды. Ауылдағы Т.Тоғысбаев атындағы жалпы орта мектептің 1987-1988 жылғы түлектері біркісідей ұйымшылдық танытып, Қадір түнін есте қаларлықтай етіп өткізді. Бұл кеште лотерея билеті таратылып, ойын ұйымдастырылды.

Қадір түнін қарсы алдық



Ұтысқа шаңсорғыш, кілем сияқты тұрмыстық заттар тігілді. Ойынға қатысқан көпшілік қауым ең басты үміті – Умра қажылыққа баруға жолдама ұтып алу болды. Қадір түнінде бұл қуанышқа Мирас Абаев

кенелді.

Қадір түнінде «Ұлдар ана» мешітінің имамы Жалалхан Қажы Махмудов, ауыл қариясы Бектұрсын Абаев имандылық тақырыбында әңгімелер айтып, көпшілік қойған сауалдарға жауап қайтарды, бұл игі істі ұйымдастыруға ұйытқы болған ауыл азаматтарына алғыс айтып, ақ баталарын берді.

Тасарық ауылы.

С.ҚОНЫСБАЕВ.



Біздің мекенжайымыз: 161101, Қазақстан Республикасы, Түркістан облысы, Ленгір қаласы, Төле би көшесі, 111 "Б" үй.

Меншік иесі: «Төлеби туы kz» қоғамдық-саяси газетінің редакциясы жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

**ЖШС ДИРЕКТОРЫ –
БАС РЕДАКТОР
РАХМАНҚҰЛОВ
Әбдімәлік
Түймебекұлы**
8-701-408-72-32

Бас редактордың орынбасары
Орынбасар СҮТТІБАЕВ (экономика және руханият)
8-706-413-11-56.
Бөлім меңгерушісі Ақжан ИМАНАЛИЕВА
(әлеумет, бұқарамен байланыс)
6-23-23, 8-702-494-81-71
Бас есепші Жанар ЕРЕЖЕПОВА
8-705-887-51-61.
Дизайнер Нұргүл Мамытханова
8-777-918-03-35 (жарнама)

Газеттің осы нөміріне жауапты кезекші
Ақжан ИМАНАЛИЕВА.
Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, «АР-принт-1» ЖШС-нің баспаханасында басылды.
Баспахананың мекенжайы:
Шымкент қаласы,
Тәшенов көшесі, №24 үй.
Газетке жазылу индексі 66744
Таралымы 3024 дана. Тапсырыс №

Газет аптасына бір рет, жұма күні шығады. Редакция материалдардағы фактілердің дұрыстығына автор жауапты екендігін ескертеді. Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұны үшін редакция жауап бермейді.

«Төлеби туы» газеті Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінде 2013 жылғы 20 маусымда тіркеліп, №13693-Г куәлігі берілген.